

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу туралы белгіленген талаптарға сәйкес белгілі бір топқа жатқызылмаған екінші деңгейдегі банктер жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 4 қыркүйек N 320 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтар N 432 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 30 қазандағы N 217 қаулысымен.

Банктік қадағалау департаментінің екінші деңгейдегі банктердің кейбір бөлігінің қаржы жағдайының қойылған талаптарға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулы) Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге сай келмейтіндігі туралы ұсынысын қарай келе, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшуін қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесін ескере отырып:

а) банктер қайта капиталдандыру және қызметін жақсарту жоспарын белгіленген тәртіппен бермеген немесе тиісінше қосымшаларға сай (N 1, 2 қосымшалар) Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшуі туралы ереженің талаптарына сәйкес келмейтін қайта капиталдандыру және қызметін жақсарту жоспарын ұсынған деп есептелсін;

б) 1997 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктердің тізімі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының жекелеген шешімдерімен (N 3 қосымша) айқындалған халықаралық стандарттарға көшудің шарттары мен негіздемесі бекітілсін.

2. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.):

а) Заң департаментімен бірлесе отырып осы Қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

б) осы Қаулыны Қазақстан Республикасының облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына (филиалдарына) және N 1, 2 және 3 қосымшаларда көрсетілген екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы бекіткен (12.12.96 ж. N 292 қаулы)

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық
стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге
сәйкес қайта капиталдандыру және қызметін
жақсарту жоспарын белгіленген тәртіппен
бермеген екінші деңгейдегі банктердің
1.09.1997 ж. жағдай бойынша

ТІЗІМІ

Рет N	Банктің аты
1	"Интеринвест" ААҚ
2	"Алтын" АБ
3	"Алау" АБ
4	"Жалғас" ЖБ
5	"Цветмет" АБ
6	"Ермин" АБ
7	"Банк жетісу" ЖАҚ
8	"Алғабанк" ЖАҚ
9	"Көкшебизнес" ЖАҚ
	Барлығы: 9 банк

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Басқармасы бекіткен (12.12.96 ж. N 292 қаулы)

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық
стандарттарға көшу тәртібі туралы ереженің
талаптарына сай келмейтін қайта капиталдандыру
және қызметін жақсарту жоспарын берген

екінші деңгейдегі банктердің
1.09.1997 ж. жағдай бойынша

ТІЗІМІ

Рет	Банктің аты
N	
1	"Казкомстройбанк" АБ
2	"Химтексбанк" ЖАҚ
3	"КИФТ" ЖАҚ
4	"БСБ" АБ
5	"Ақ-Жол" АБ
6	"Ақтөбе" АБ
7	"Қуандық" ЖБ
8	"Сарыарқа" ААБ
9	"Түркістан" ААҚ
10	"Касуб" ЖБ
11	"Ижевск" АБ
12	"Пана" АБ
13	"Айнұр" АБ
14	"Кредсоцбанк" ААҚ
15	"Жанарбанк" ААҚ
16	"Алиса К"
17	"Игілік банк" ААҚ
18	"Казпочтабанк" АӨБ
Барлығы: 18 банк	

3-қосымша

Халықаралық стандарттарға өту шарттары
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының жекелеген шешімдерімен
айқындалатын екінші деңгейдегі банктердің
1.09.1997 ж. жағдай бойынша

ТІЗІМІ

Рет	Банктің аты
N	
1	"ТұранӘлем" ЖАҚ
2	"Ақтан" ААҚ
3	"Ажи-Банк" ЖАҚ
4	"Астана" ААҚ
5	"Ишим" ААҚ
6	"ЦБСР" ХМБ
7	"Эксимбанк" МК
8	"КИБ" ЖАҚ
9	"Тұрғынұйқұрылысбанкі" ЖАҚ
10	"Медетші банкі" МК
11	"Бюджет банкі" МК
12	"АБН Амро" ЖАҚ
13	"Банк Сосьете Женераль Казахстан" ЖАҚ
14	"Глобал Казкоммерц Инвестициялық Банкі" ЖАҚ
15	"Қазақстанның Инвестициялық Халықтық Банкі" ЖАҚ
16	"Береке" АБ
	Барлығы: 16 банк